

<b>Білім беру бағдарламасының атауы:</b>	7R01160 «Жақ-бет хирургиясы (балалар)»
<b>Білім беру деңгейі:</b>	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (резидентура)
<b>Даярлау бағыты:</b>	7R011 Денсаулық сақтау
<b>Оқыту тілі:</b>	Қазақ / орыс
<b>Оқу мерзімі:</b>	2 жыл
<b>Жауапты кафедра:</b>	Научно-образовательный центр хирургии имени проф. Г. В. Цоя
<b>Бағдарламаның өзектілігі, мақсаты мен міндеттері:</b>	7R01160 «Жақ-бет хирургиясы (балалар)» білім беру бағдарламасы денсаулық сақтау жүйесінің жақ-бет аймағының туа біткен және жүре пайда болған патологиясы бар балаларды диагностикалау, хирургиялық емдеу, оңалту және диспансерлік бақылау бойынша тереңдетілген даярлығы бар мамандарға жоғары қажеттілігіне байланысты әзірленді.
<b>Еңбек нарығын талдау:</b>	<p>Балалар бет-жақ хирургиясы практикалық денсаулық сақтаудың тар мамандандырылған және сұранысқа ие бағыты болып табылады. Медициналық ұйымдар жақ-бет аймағының туа біткен және жүре пайда болған патологиясы бар балаларға емдеудің және оңалтудың барлық кезеңдерінде білікті көмек көрсетуге қабілетті мамандарға мұқтаж.</p> <p>Бағдарлама түлектері көпбейінді балалар ауруханаларында, мамандандырылған хирургиялық бөлімшелерде, университеттік клиникаларда, реконструктивтік хирургия орталықтарында және балаларға шұғыл және жоспарлы көмек көрсететін мекемелерде сұранысқа ие.</p> <p>Балалардағы жақ-бет аймағының туа біткен даму ақауларын, жарақаттарын, қабыну процестерін, деформациялары мен ақауларын емдеу мәселелерін меңгерген мамандардың маңызы ерекше.</p> <p>Бағдарлама балалар хирургиялық стационары, консультативтік-диагностикалық бөлімшелер және операциялық блок жағдайында жұмыс істеуге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған, бұл олардың еңбек нарығындағы сұраныстылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады.</p>

<p><b>Мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесі:</b></p>	<p>Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде құзыреттілік тәсілге, клиникалық интеграцияға, пәнаралыққа және дәлелді медицина қағидаттарына негізделген балалар хирургиясы, бет-жақ хирургиясы және бас пен мойын хирургиясы саласындағы мамандарды даярлаудың халықаралық тәжірибесі ескерілді.</p> <p>Шетелдік білім беру бағдарламаларында ерекше назар келесі мәселелерге аударылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• білім алушыларды клиникалық практикаға ерте тарту;</li> <li>• диагностика мен емдеуге жас ерекшелігіне бағдарланған тәсіл;</li> <li>• туа біткен және жүре пайда болған патологиясы бар балаларды пәнаралық сүйемелдеу;</li> <li>• симуляциялық оқыту және хирургиялық дағдыларды қалыптастыру;</li> <li>• баламен және оның отбасымен жұмыс істеу кезінде коммуникативтік құзыреттерді дамыту.</li> </ul> <p>Бағдарлама заманауи халықаралық тәсілдерді ескереді және клиникалық практиканы, тәлімгерлікті, өзіндік жұмысты, операцияларға қатысуды, клиникалық талқылауларды, консилиумдарды, конференциялар мен ғылыми-практикалық іс-шараларға қатысуды үйлестіреді.</p>
<p><b>Қолданыстағы мамандар даярлау жүйесі:</b></p>	<p>7R01160 «Жақ-бет хирургиясы (балалар)» білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға, үлгілік оқу бағдарламаларына, университеттің ішкі академиялық құжаттарына және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.</p> <p>Бағдарлама клиникалық бағыттылыққа ие және балалар контингентін жүргізуге қажетті пәндер мен практикалық дағдыларды меңгеруге бағдарланған. Даярлау мазмұны балалардың ауыз қуысы хирургиясы, жақ-бет аймағының ірінді хирургиясы, травматологиясы, туа біткен және жүре пайда болған деформациялары, қалпына келтіру және реконструктивтік хирургия мәселелерін, сондай-ақ балалар бет-жақ хирургіне кешенді даярлықты қамтамасыз ететін сабақтас пәндерді қамтиды.</p> <p>Оқыту аудиториялық даярлықты, резиденттің өзіндік жұмысын, бейіндік базалардағы клиникалық практиканы және тәлімгердің жетекшілігімен жұмысты үйлестіру негізінде құрылады. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау практикалық</p>

	<p>дағдыларды, клиникалық ойлауды, командалық өзара іс-қимылды және пациенттің қауіпсіздігін қалыптастыруға баса назар аудара отырып, ағымдағы бақылау, межелік бақылау, аралық аттестаттау және қорытынды аттестаттау арқылы жүзеге асырылады.</p>
<p><b>Түлектің моделі:</b></p>	<p>7R01160 «Бет-жақ хирургиясы (балалар)» білім беру бағдарламасының түлегі – балалар бет-жақ хирургиясы саласында дербес клиникалық қызметке дайын жоғары білікті, әлеуметтік жауапты және бәсекеге қабілетті маман.</p> <p>Бағдарлама түлегі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• кәсіби жауапкершілікке, эмпатияға, тұрақты этикалық ұстанымдарға және баланың қауіпсіздігіне назар аударуға ие;</li> <li>• балалардағы клиникалық, зертханалық және сәулелік деректерді диагностикалау және интерпретациялау дағдыларын меңгерген;</li> <li>• жақ-бет аймағының туа біткен даму ақаулары, жарақаттары, қабыну аурулары, деформациялары мен ақаулары бар балаларға мамандандырылған көмек көрсетуге қабілетті;</li> <li>• балалар бет-жақ хирургияның құзыреті шеңберінде негізгі емдік-диагностикалық және хирургиялық манипуляцияларды орындай алады;</li> <li>• баланы операция алдындағы, операция кезіндегі және операциядан кейінгі кезеңдерде жүргізуге дайын;</li> <li>• ата-аналармен, заңды өкілдермен және мультидисциплинарлық командамен тиімді өзара әрекеттесуге қабілетті;</li> <li>• үздіксіз кәсіби дамуға, заманауи технологияларды енгізуге және ғылыми-зерттеу қызметіне қатысуға бағдарланған.</li> </ul> <p>Түлектің мансаптық перспективаларына балалар стационарларында, бет-жақ хирургиясы бөлімшелерінде, көпбейінді ауруханаларда, реконструктивтік хирургия орталықтарында, университеттік клиникаларда жұмыс істеу, сондай-ақ білім беру және ғылыми қызметке қатысу кіреді.</p>

<p><b>Бағдарламаның мақсатты аудиториясы:</b></p>	<p>Бағдарламаның мақсатты аудиториясы балалар жақ-бет хирургиясы саласында тереңдетілген клиникалық даярлық алуға бағдарланған медициналық жоғары оқу орындарының түлектері болып табылады.</p> <p>Әлеуетті білім алушылар – балаларды емдеумен байланысты, жоғары дәлдікті, клиникалық ойлауды, дамыған мануалдық дағдыларды, шыдамдылықты, эмоциялық тұрақтылықты және коммуникативтік құзыреттілікті талап ететін хирургиялық мамандықты меңгеруге қызығушылық танытатын ынталы жас дәрігерлер.</p> <p>Бағдарлама мамандандырылған балалар хирургиялық көмегі, реконструктивтік хирургия және балалар халқына стационарлық медициналық көмек көрсету жүйесінде кәсіби қызмет атқаруды жоспарлайтын тұлғалар үшін қызығушылық тудырады.</p>
<p><b>Білім беру бағдарламасының бәсекелік артықшылықтары:</b></p>	<p><b>Білім беру бағдарламасының бәсекелестік артықшылықтары төмендегідей:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• балалар жақ-бет хирургиясы бойынша тар бейінді даярлау;</li> <li>• клиникалық-бағдарланған және практикалық-бағдарланған оқыту;</li> <li>• балалар контингенті бар бейіндік клиникалық базаларда даярлау;</li> <li>• білім алушылардың операцияларға, клиникалық талқылауларға, консилиумдарға, кезекшіліктерге және пәнаралық талқылауларға қатысуы;</li> <li>• симуляциялық оқытуды және хирургиялық жоспарлауда үшөлшемді технологиялар элементтерін қоса алғанда, заманауи білім беру технологияларын пайдалану;</li> <li>• білім алушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне, конференцияларға, шеберлік сыныптарына және кәсіби білім беру іс-шараларына тарту.</li> </ul> <p>Бағдарлама балаларды хирургиялық емдеудің заманауи тәсілдерін меңгерген және мамандандырылған медициналық көмек көрсету</p>

	<p>жағдайында жұмыс істеуге дайын маманды даярлауға бағытталған.</p>
<p><b>Ресурстық қамтамасыз ету:</b></p>	<p>Білім беру бағдарламасын іске асыру университеттің және клиникалық базалардың кадрлық, клиникалық, материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік ресурстарымен қамтамасыз етіледі.</p> <p>Резиденттерді даярлауды балалар жақ-бет хирургиясы және сабақтас пәндер саласында бейіндік білімі, практикалық тәжірибесі мен құзыреттері бар оқытушылар мен клиникалық тәлімгерлер жүзеге асырады. Білім беру процесінде профессор Г.В. Цой атындағы Ғылыми-білім беру хирургия орталығының, университеттің клиникалық базаларының, бейіндік балалар стационарларының, операциялық блоктардың, таңу бөлмелерінің, диагностикалық бөлімшелердің және симуляциялық инфрақұрылымның мүмкіндіктері пайдаланылады.</p> <p>Білім алушылар кітапханалық, электрондық және оқу-әдістемелік ресурстарға, клиникалық хаттамаларға, пәндердің материалдарына, сондай-ақ өздігінен дайындалу және практикалық дағдыларды меңгеру үшін қажетті жағдайларға қол жеткізумен қамтамасыз етілген. Бағдарламаның ресурстық базасы балалар жақ-бет хирургиясының сапалы клиникалық даярлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p>
<p><b>Білім беру бағдарламасын дамыту перспективалары:</b></p>	<p>Білім беру бағдарламасын дамыту перспективалары балалар хирургиясының, реконструктивтік технологиялардың, білім беру стандарттарының және практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктерінің дамуына сәйкес даярлау мазмұнын одан әрі жетілдірумен байланысты.</p> <p>Бағдарламаны дамытудың негізгі бағыттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• балаларды хирургиялық емдеудің заманауи клиникалық ұсынымдары мен технологияларын ескере отырып, пәндерді өзектендіру;</li> <li>• симуляциялық оқытуды және цифрлық білім беру шешімдерін қолдануды кеңейту;</li> <li>• резиденттердің ғылыми құрамдасын және зерттеу белсенділігін дамыту;</li> </ul>

• туа біткен және жүре пайда болған патологиясы бар балаларды жүргізуде пәнаралық өзара іс-қимылды күшейту;

• клиникалық базалармен, кәсіби қауымдастықтармен және академиялық серіктестермен ынтымақтастықты кеңейту;

• білім беру процесі сапасының ішкі мониторингі жүйесін жетілдіру.

Бағдарлама заманауи балалар хирургиялық қызметі және жоғары технологиялық медициналық көмек жағдайында тиімді жұмыс істеуге қабілетті маманды даярлауға бағдарланған.

**Білім алушылардың фотосуреттері:**





